

## Элиталық тұқым шаруашылығының кейбір мәселелері туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2000 жылғы 7 шілдедегі N 178 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 29 тамызда тіркелді. N 1236. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2008 жылғы 12 қыркүйектегі N 575 Бұйрығымен.

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2008 жылғы 12 қыркүйектегі N 575 Бұйрығымен.*

----- Бұйрықтан үзінді -----

*"Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына с ә й к е с*

*Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :*

*1 . . . . .*

*2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын*

*3 . . . . .*

*4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.*

*Министрдің м.а. М. Оразаев*

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы*  
*Ауыл шаруашылығы министрінің м.а.*

*2008 жылғы 12 қыркүйектегі*

*N 575 бұйрығына*

*қосымша*

*Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір күші жойылған бұйрықтарының тізбесі*

*1. "Элиталық тұқым шаруашылығының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2000 жылғы 7 шілдедегі N 178 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1236 болып тіркелген).*

*2 . . . . .*

*3 . . . . .*

*4 . . . . .*

*5. ...*



1. Бұл элиталық тұқым шаруашылығы саласында қызмет атқаратын заңды және жеке тұлғаларды аттестациялау Ережелері (әрі қарай - Ережелер), элиталық тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті ретке келтіру мақсатында әзірленген және заңды және жеке тұлғалардың сорт жанарту мен сорт алмастыру мақсаттарында ауыл шаруашылығы дақылдарының элиталық тұқымдарын өндіру және өткізу жөніндегі элиталық тұқым өндіруші шаруашылықтар (әрі қарай - элиттұқшарлар) статусына сәйкестігін аттестациялаудың шарттары мен т ә р т і б і н а н ы қ т а й д ы .

2. Элиттұқшар статусын алуға үміткер заңды және жеке тұлғалар осы Ережелермен анықталатын біліктілік талаптарға сай болулары тиіс.

3. Заңды және жеке тұлғаларды аттестаттауды олардың өтініштері негізінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен құрылған сараптамалық комиссия жүзеге асырады.

*Ескерту: 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 19 қазандағы N 336 бұйрығымен , 2003 жылғы 29 сәуірдегі N 236 бұйрығымен .*

4. *Тармақ өзгертілді, алынып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 19 қазандағы N 336 бұйрығымен , 2003 жылғы 29 сәуірдегі N 236 бұйрығымен .*

5. Элиттұқшарды аттестаттау нәтижесі бойынша сараптамалық комиссияның қ о р ы т ы н д ы с ы б е р і л е д і .

*Ескерту: 5-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 29 сәуірдегі N 236 бұйрығымен .*

6. Заңды және жеке тұлғаларға элиттұқшар статусын беру Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен жүзеге асырылады. Элиттұқшар статусының болуы заңды және жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен белгіленген өткізу лимиті шегінде жәрдемақы алуына құқық береді. Тұқым өткізу лимиті Ауыл шаруашылығы министрлігімен әрбір элиттұқшар үшін облыстық ауыл шаруашылығы басқармаларының (департаменттерінің) ұсыныстары бойынша аудандастырылған және перспективті сорттар тұқымдары элитасының нақты қажеттілігіне сәйкес және элиталық тұқымы жәрдемақылаудың бюджеттік қаржыландыруын есепке ала отырып белгіленеді.

7. Элиттұқшарларды қайта аттестациялау екі жылда 1 рет өткізіледі. Қайта аттестаттау осы Ережеде бекітілген аттестаттау кезінде элиталық тұқым шаруашылығы мәртебесін алуға үміткер заңды және жеке тұлғаларға арналған талаптарға сәйкес жүргізіледі.

*Ескерту: 7-тармақ толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 29 сәуірдегі N 236 бұйрығымен .*

## **2. Элиталық тұқым шаруашылығы саласында қызмет атқаратын заңды және жеке тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптар**

8. Элиталық тұқым шаруашылығы саласында қызмет атқаратын заңды және жеке тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптарға мыналар қосылады:

1) қаржы-шаруашылықтық қызмет көрсеткіштерінің осындай шаруашылықтарға қойылатын бекітілген ең төменгі талаптарға сәйкестігі (1 қ о с ы м ш а ) ;

2) әрбір ауыспалы егіс бойынша агротехника жүйесі, тұқымдардың механикалық және биологиялық ластануын болдырмау үшін дақылдардың орналастырылуы әзірленген енгізілген және игерілген тұқым шаруашылықтық ауыспалы егістердің болуы ;

3) дақылдар мен сорттар бойынша сорт жаңарту жоспарының болуы;

4) аудандастырылғандардың тізбесіне енгізілген сорттардың тұқымдарын өсіру тәсімінің болуы ;

5) тұқымдықты өсіру жұмыстарының барлық түрлері мен оның сапалық көрсеткіштері көрсетілген құжаттаманың есепке алынуы мен жүргізілуін ұйымдастыру ;

6) аудандастырылған және перспективті сорттардың негізгі тұқымдығының ( түпнұсқалық тұқымның) элиталық тұқымды жоспарланған мөлшерде өндіруге қажетті көлемде және ассортиментте болуы;

7) тұқымдық шаруашылықтың түпкілікті бөлімшелерінде ең төменгі талаптарға сәйкес сақтық және тұқымдық қорларының болуы;

8) қажетті ауыл шаруашылығы техникасының тұқымның жоспарланған көлемін алу үшін агротехникалық жұмыстарды дер кезінде және сапалы түрде өткізуді қамтамасыз ететін мөлшерде болуы;

9) маусымдық өнімділігі элиталық тұқымның жоспарлы көлемін оңтайлы мерзімде дайындауды қамтамасыз ететін тұқым тазартатын түзу машиналардың болуы ;

10) мамандандырылған қырмандардың, төбесі жабық асфальтталған алаңдардың, араласып кетпейтіндей қылып тұқымдардың партияларын қоюға болатын қоймалардың болуы ;

11) өз шаруашылығындағы өткізілген және пайдаланылған тұқымдардың көлемінің, шығу тегінің және олардың сорттық, себулік қасиеттерінің қатал

есепін

ұйымдастыру;

12) тұқым шаруашылығындағы есеп мәліметтерінің бес жылдан кем емес аралықта сақталуын ұйымдастыру;

13) жоспарланған жұмыстар көлемін білікті атқару үшін, штат кестесімен көзделген арнайы сәйкес білімі бар мамандардың санының болуы;

14) элиттұқшардың материалды-техникалық базасының өндірістік қызмет жасауға жарамдылығын білдіретін, өрт бақылаушы органдардың қорытындысының болуы;

15) карантинді объектілердің жоқтығы туралы өсімдіктер карантині мемлекеттік инспекторының қорытындысының болуы;

16) өндірістік базаның экология және адамдар денсаулығы қауіпсіздігінің талаптарына сәйкестігі туралы санитарлық және экологиялық бақылау органдарының қорытындысының болуы.

### **3. Аттестациялау тәртібі**

9. Элиттұқшар статусын алу үшін заңды және жеке тұлғалар Ауыл шаруашылығы министрлігінің сәйкес келетін облыстық аумақтық басқармаларына келесі құжаттарды көрсетеді:

1) белгіленген үлгі бойынша өтініш;

2) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің нотариальды куәландырылған көшірмесі және жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттардың нотариальды куәландырылған көшірмесі;

3) жерді пайдалану құқығы бар мемлекеттік актінің нотариальды куәландырылған көшірмесі;

4) заңды немесе жеке тұлғаның осы Ережелердің 2-ші тарауында баяндалған біліктілік талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар.

10. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық аумақтық басқармалары заңды және жеке тұлғалардан аттестаттауға өтініш түскен күннен бастап он сегіз жұмыс күні ішінде ұсынылатын құжаттарын зерделейді және орынға барып заңды және жеке тұлғалардың біліктілік талабына элиталық тұқым шаруашылығы облысында қызметін жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға ұсынатын сәйкестік деңгейін анықтайды.

*Ескерту: 10-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 19 қазандағы N 336 бұйрығымен .*

10-1. Сараптамалық Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық аумақтық басқармасы 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тексеру негізінде заңды немесе жеке тұлғаның элиталық тұқым шаруашылығы облысында қызметін жүзеге асыратын заңды және жеке

тұлғаларға ұсынатын біліктілік талаптарының сәйкестігін тексеру актісі  
ж а с а л а д ы .

*Ескерту: 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 19 қазандағы N 336 бұйрығымен , 2003 жылғы 29 сәуірдегі N 236 бұйрығымен .*

10-2. Осы ереженің 9 және 10-1-тармақтарында аталған құжаттарды Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық аумақтық органы, жұмыс тобы заңды немесе жеке тұлғаны тексеріп болған күннен бастап он екі жұмыс күні ішінде сараптама комиссиясының мекен-жайына жібереді.

*Ескерту: 10-2-тармақпен толықтырылды, өзгертілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 19 қазандағы N 336 бұйрығымен , 2003 жылғы 29 сәуірдегі N 236 бұйрығымен .*

11. *Тармақ алынып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 19 қазандағы N 336 бұйрығымен .*

12. Сараптама комиссиясы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық органынан құжаттар келгеннен кейін он күндік мерзім ішінде тұрған жеріне шығу арқылы ұсынылған құжаттарды зерттеп біледі, мәлімдеушінің біліктілік талаптарға сәйкестігін тексереді, сараптамалық қорытынды шығарады және оны сәйкес шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне көрсетеді.

*Ескерту: 12-тармақ өзгертілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 19 қазандағы N 336 бұйрығымен , 2003 жылғы 29 сәуірдегі N 236 бұйрығымен .*

13. Сараптама комиссиясының дұрыс қорытындысын алған заңды және жеке тұлғаларға Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен элиттұқшар статусы беріледі және белгіленген үлгідегі куәлік беріледі.

*Ескерту: 13-тармақ өзгертілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 29 сәуірдегі N 236 бұйрығымен .*

14. Жыл ішінде біліктілік талаптарының қайсыбір тармағын сақтамау, элиталық тұқымдарды өндіру және өткізу қызметі технологиясында жолсыздықтар, өткізілетін элиталық тұқымдардың сапасын бұрмалау аңғарылса Ауыл шаруашылығы министрлігі сараптама комиссиясын тартуға және, жоғарыда аталған деректер расталса, шаруашылықты элиттұқшар статусынан а й ы р у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .



*Ескерту: 14-тармақ өзгертілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 29 сәуірдегі N 236 бұйрығымен .*

15. Заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы, жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметін тоқтатуы оның қайта аттестациялануының немесе элиттұқшар статусынан айырудың негізі болып табылады.

Элиталық тұқым шаруашылығы саласында қызмет атқаратын заңды және жеке тұлғаларды аттестаттау ережесіне 1-қосымша

*Ескерту: Қосымша 1 өзгертілді, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 19 қазандағы N 336 бұйрығымен , 2003 жылғы 29 сәуірдегі N 236 бұйрығымен .*

**Элиталық тұқым шаруашылығы мәртебесін алуға үміткер заңды және жеке тұлғаларға қойылатын ең төмен талаптар**

Негізгі өлшемдер	! Ең төмен көрсеткіштер
Егістік жер құрылымындағы сүрі жерлердің соңғы үш жылдағы алқабы жерлерге талаптар жүрмейді; астықты-отамалы дақылды ауыспалы егістерде сүрі жерлерді көпжылдық шөптердің қыртысымен ауыстыруға болады), %	20-дан төмен емес (суармалы)
Айналым саны бар енгізілген және игерілген тұқымдық ауыспалы егістердің бар болуы, кем емес	1
Жалпы егіс алқабындағы тұқымдық егістің жеке салмағы, %	25-ден кем емес
Соңғы үш жыл ішіндегі өнімділік, Ц/га бойыншадағыдан жоғары	орташа облыс
Тұқым шаруашылығы бойынша жұмыс тәжірибесі, жыл	4-тен кем емес
Қызметінің негізгі түрінің (элиталық тұқым шаруашылығы) жалпы көлеміндегі жеке салмағы, %	25-тен кем емес өндіріс
Тұқым шаруашылығы жүргізілетін өңделетін дақылдардың саны	4-тен көп емес

Әр дақыл бойынша аттестаттау мәніне сәйкес тұқым шаруашылығы жүргізілетін 3-тен көп емес сорттардың саны Сақтандыру қорының болуы, суперэлитаны егуге қажеттіктен % :  
алғашқы бөлімшелердің 100  
суперэлитаның 50

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы Министрінің  
2000 жылдың 7 шілде N 178  
бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне

(заңды тұлғаның толық аты немесе жеке тұлғаның фамилиясы, аты, әкесінің аты)

**Өтініш**

(дақылдың, сорттың аты көрсетілсін)

элиталық тұқымын өндіретін және өткізетін элиталық тұқым өндіруші шаруашылық статусын беруді және аттестация жүргізуді сұраймын.

Заңды немесе жеке тұлға туралы мәліметтер:

1. Жеке меншік түрі \_\_\_\_\_
2. Құрылған жылы \_\_\_\_\_
3. Тіркеу туралы куәлік немесе жеке басының куәлігі \_\_\_\_\_

(N, кім берген, қашан берілген)

4. Мекен-жайы \_\_\_\_\_

(индексі, қаласы, ауданы, облысы, көшесі, үйдің N-і, телефоны, факсы)

5. Есеп-шоты \_\_\_\_\_

(N-і, банктің аты мен тұрған жері)

6. Қоса беріліп отырған құжаттар: \_\_\_\_\_

(біліктілік талаптарға сәйкес)

Басшы \_\_\_\_\_

(қолы) (фамилиясы, аты, әкесінің аты)

Мөр орны "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж.



Өтініш " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж. қарауға қабылданды.

(өтінішті қабылдаған жауапты адамның қолы, фамилиясы, аты,  
әкесінің аты) \_\_\_\_\_

Элиталық тұқым шаруашылығы саласында  
қызмет атқаратын заңды және жеке  
тұлғаларды аттестаттау ережесіне  
2-қосымша

*Ескерту: Қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ауыл шаруашылығы  
министрінің 2003 жылғы 29 сәуірдегі N 236 бұйрығымен .*

Заңды және жеке тұлғаның элиталық тұқым шаруашылығы  
саласында қызмет атқаратын заңды және жеке тұлғаларға  
қойылатын біліктілік талаптарға сәйкестігін зерттеудің  
2003 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_  
АКТИСІ

(Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі  
облыстық аумақтық басқармасының атауы)

(заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның Ф.А.Ә.)

(дақылдардың, сорттардың атауы)

элиталық тұқымын өндіру және сату жөніндегі элиталық тұқым өндіруші  
шаруашылық мәртебесіне сәйкестігін зерттеу нәтижелері туралы осы  
а к т і н і ж а с а д ы .

Зерттеу нәтижесінде белгілі болғаны:

Қ о р ы т ы н д ы :

Қолдар:

АШМ облаумбасқармасы бастығы Ф.А.Ә., қолы, мөрі

АШМ облаумбасқармасы тұқым инспекторы Ф.А.Ә., қолы

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы Министрінің  
2000 жылдың 7 шілде  
N 178 бұйрығымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігі

К у ә л і к

N \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ бұйрығына сәйкес

(дақылдың түрі)

элиталық тұқымын өндіретін және өткізетін элиталық тұқым  
өндіруші шаруашылық статусы берілген  
\_\_\_\_\_ берілді.

(заңды тұлғаның толық аты немесе жеке тұлғаның Ф.А.Ә.а.)

Ф.А.Ә.а. \_\_\_\_\_

( қ о л ы )

Лауазымы \_\_\_\_\_

Берілген күні: " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 200 \_\_\_\_ ж.

М . О .

Астана қаласы